



«ӨНІРЛЕР АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ «АУЫЛ АМАНАТЫ»

ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРДЕЛЕУ КЕРЕК»

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ЕЛ ӨНІРЛЕРІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫН, АТАП АЙТҚАНДА, АТАЛҒАН ОБЛЫСТА ҒАНА ЕНГІЗІЛГЕН ТАУАРЛЫҚ НЕСИЕЛЕУ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРДЕЛЕУ КЕРЕКТІГІН АЙТТЫ.



Тапсырма ҚР Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штабтың отырысы барысында берілді.

«Кәсіпкерлер жеке отбасылық шаруашылықтарға мал түріндегі пайызсыз тауарлық несие береді, олар малды күтіп-баптап ұстайды. Ал малдың төлдері шаруашылық пен қарыз беруші арасында бөлінеді. Бұл екі жаққа да тиімді. Бюджеттен бірде-бір теңге пайдаланылмайды. Бұл – халықтың табысын арттыру, жұмыспен қамтудың қосымша жақсы құралы. Әкімдерден, әріптестерден Ақтөбе облысының осы бағыттағы тәжірибесін зерделеуді сұраймын», – деді Премьер-Министр.

Ақтөбе облысы тәжірибесінің ауқымын кеңейту мақсатында Әлихан Смайылов Жобалық кеңсе құруды тапсырды. Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов бүгінгі таңда ірі шаруа қожалықтарының қолдауымен тауарлық несиелеу аясында 329 отбасыға 4 575 бас мал берілгенін мәлімдеді. Жеңілдетілген қаржылық несиелеу де үлкен сұранысқа ие. Облыс тұрғындары барлығы 6,5 млрд теңге сомасына «Ауыл аманаты» жобасы аясында 1486 жобаны қаржыландыруға өтінім берді. Қазірдің өзінде 1371 жоба мақұлданды, оның 793-і жалпы сомасы 3,5 млрд теңгеге іске асырылды. Нәтижесінде 1 122 жаңа жұмыс

орны құрылды, 100 мыңнан астам құс сатып алынып, 48 жылыжай салынды, 146 га картоп және басқа да көкөністер егілді, ауылда 309 жаңа шағын бизнес нысаны ашылды. Сондай-ақ, Ақтөбе облысында халықтың ауылдық жерлерден кетуі мәселесін шешу үшін «бірыңғай қолдау шаралар пакеті» қабылданды. Ол 67 ауылды сапалы интернетпен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды, «БІЛІМ ALL» бірегей өңірлік жобасы аясында ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім беру деңгейіндегі айырмашылықты теңестіруді, «Фельдшер сөмкесі» медициналық қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз

ету жөніндегі жобаны, сондай-ақ «Абаттандырылған ауыл» жобасын іске асыруды қамтиды, оның шеңберінде ауылдарда де-мешушілік қаражат есебінен 120 әлеуметтік маңызы бар жоба іске асырылуда. Бұдан өзге, ауылдарда қауіпсіз ортаны қалыптастыру және қылмысты жою мақсатында «Қауіпсіз ауыл» жобасы әзірленді. Бүгінде өңірде алкоголь тұтынбайтын 11 ауыл және соңғы 2 жылда бірде-бір қылмыс жасалмаған 10 ауыл бар. Ералы Тоғжанов өңірдегі ауылдық аумақтарды дамыту жұмыстары белсенді түрде жалғасатынына сенім білдірді.

Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАПОН ҒАЛЫМЫНЫҢ ОЙЫЛҒА САПАРЫ - ТАРЫНЫҢ ТАРИХЫМЕН ТАНЫСУ



2023 жыл Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 75-сессиясында Халықаралық тары жылы болып жарияланды. Өткен аптада Ақ тарының атасы Шығанақ Берсиевтің тарысын 40 жыл зерттеген зерттеуші, Жапония мемлекетінен келген «Осака Гакуин» университетінің этноботанигі, профессор – Эмико Такеи және жер жаннаты Жетісу өңірінен аудармашы, этноботаник Жанна Қаржаубекова ауданға келді. Көп жылдардан бері армандаған арманы Шығанақ Берсиев елін көру, тары егу, дайындалу тәсілдері туралы толық мәлімет алу болатын, міне бүгін осы арманы орындалып, алдымен ауданның

тарихи орындарын аралап, ауданның өткен ғасырдағы тарихынан жан-жақты ақпарат алды. Даңқты тарыдан мол өнім алудан дүние жүзінде теңдесі жоқ көрсеткішке ие болып, «Ойылдың ақ тарысын» дүниеге танытқан, әлем рекордшысы атанған, ақ тарының атасы Шығанақ Берсиевтің музейімен таныса отырып, XIX ғасырдың мұрасы, Ойыл тарысының қазіргі таңға дейінгі егілу, дайындалу тәсілдері туралы деректерді жинақтай отырып, Ойыл халқының осындай шағын аудан болса да мәдениетті халық тұратынына ерекше риза болды. Сонымен қатар, Ойылдың қызыл тарысын өз еліне алып кетті.



«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН

ӨТКЕН АПТА АУДАНҒА ІССАПАРМЕН ОБЛЫСТЫҚ «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСТАР ЕҢБЕК ЖАСАҚТАРЫ ШТАБЫНЫҢ ЖӨНЕ «АТАМЕКЕН» СТУДЕНТТІК ОТРЯДТАРЫНЫҢ ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ТӨРАҒАСЫ НҰРЖАН ШАҒЫТБАЕВ КЕЛДІ.



«Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің» шілде айында еңбек етіп жатқан «Жасыл ел» сарбаздарымен тәлімбақта кездесу өткізіп, жастардың ұсыныстарын тыңдады. Жұмыстарына сәттілік тіліп, белсенді жұмыс атқарып жатқан жастарды Алғыс хатпен марапаттады. Ойыл аудандық жастар ресур-

стық орталығы және «Атамекен» студенттік отрядында жастар қоғамдық бірлестігімен бірлесіп ұйымдастырылған аудандық «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарымен Ойыл өзенінің суға түсуге рұқсат етілген жерлеріне «Таза жағалау» акциясы ұйымдастырылды. Жастар өз еліне деген жанашырлықтарын таныту,

Отанға деген сүйіспеншіліктерін білдіру мақсатында шашылған тұрмыстық қалдықтарды жинады. Көп жағдайда демалыс орнына барып демалған соң, қоқыстарын қалдырып кететін адамдар жоқ емес. Тұрғындарды жағалаудың тазалығына бей-жай қарамай, табиғатымызды аялап таза ұстауға шақырамыз.

"ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ" ЖОБАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БАСТАУ АЛДЫ

ӨТКЕН АПТА ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ, «НАЛҮК BANK» АҚ ЖӨНЕ «ҰЛЫ ДАЛА» АУЫЛДЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМУЫТҚАУЫМДАСТЫҒЫМЕН БІРГЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП ЖАТҚАН «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ТҰРҒЫНДАРДЫ ОҚИТУ БАСТАЛДЫ.

Тұрғындардың қаржылық сауатын арттыруға атсалысып жатқан қаржылық сарапшы Алма Иливгаевна қаржы мәселесі қалай пайда болатынын, дәл қазіргі уақыттағы несие қарызының санын қалай азайтудың қандай жолдары бар екенін, алаяқтық әрекетті анықтау жолдарын және қаржы пирамидасынан қалай аулақ болу керек екенін түсіндіруде. Ал, ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер компания бюджетін қалыптастыру тәртібі, салық есеп-қисабын ұсынуды және мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қаржыландыру шарттары туралы құнды ақпарат алады. Қаржылық сауатын арттыру оқыуна қатысушылар арасында көпбалалы аналар, жұмыссыздар, кәсіпкерлер, бюджеттік сала қызметкерлері, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, бала күтімімен отырған аналар бар. «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өтіп жатқан оқу 11 тамызға дейін жалғасады.



БЖЗҚ-ДАН БЕРІМЕТІН ЖЕРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМГЕ САЛЫҚ САЛУ

2024 ЖЫЛЫ БІРЫҢҒАҮ ЖҮЙНТЫҚ ТӨЛЕМ БОЛМАҰДЫ: МӘМС ТӨЛЕМІН ҚАЛАҰ ЖАСАҰМЫЗ?



"БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарынан жүзеге асырылатын жерлеуге арналған біржолғы төлемге салық салу тәртібі туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексінің 242-бабының 3-тармағына сәйкес, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары есебінен республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 94 еселенген мөлшері шегінде, бірақ қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында бар қаражат-

тан артық емес көлемдегі жерлеуге арналған біржолғы төлем беріледі. Бұл біржолғы төлемге жеке табыс салығы салынбайды. Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраса, бұл қалдық жерлеуге арналған біржолғы төлеммен бірге қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне төленеді. Бұл ретте "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 341-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен 94 еселенген АЕК мөлшеріндегі сома алынып тасталатындықтан, қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары қалдығының сомасына оны төлеу кезінде жеке табыс салығының 10 пайызы стандартты мөлшерлемесі бойынша салық салынады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

«БЖЗҚ» АҚ ТҮРҒЫН ҮЙ МЕН ЕМДЕЛУГЕ 1, 8 МИЛЛИОНҒА ЖҮЙК ӨТІНІШТІ ОРЫНДАДЫ

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында "БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) шамамен 3,6 трлн теңгеге 1 млн салымшыдан түскен 1,8 млн. жуық өтінішті орындады. Өздеріңізге белгілі, зейнетақы жинақтарын салымшылар (алушылар) зейнетақы жинақтарының қолжетімді сомасы шегінде тұрғын үйге және (немесе) емделу, сондай-ақ, инвестициялық портфельді басқарушының (бұдан әрі – ИПБ) басқаруына беру үшін шексіз рет пайдалана алады.

Тұрғын үйге

2021 жылғы қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗҚ тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін салымшылардың (алушылардың) біржолғы зейнетақы төлемдеріне 1 371 907 өтінішін орындады. Уәкілетті оператор-банктерде ашылған отандастарымыздың арнайы шоттарына БЖЗҚ 3,2 трлн теңгеден астам қаражат аударды. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы шамамен 2,35 млн теңге болды.

Бұл бағытта Алматы (17,79%), Астана (12,54%), Маңғыстау облысы (9,47%) мен Қарағанды облысының (7,86%) тұрғындары белсенділік көрсетті. www.enprf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" бөлімінде азаматтардың біржолғы зейнетақы төлемдеріне өтініштерді қандай мақсаттарға беретіні, оның ішінде өңірлер бөлінісі ("Біржолғы зейнетақы төлемдері мақсаттары бойынша" және "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері" бөлімшелері) бойынша ақпарат орналастырылған.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын пайдалану мақсаттарын талдай отырып, мынадай қорытынды жасалды. Барлық өтініштердің шамамен 35,63% – азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) және жеке тұрғын үй салу (меншігінде жер телімі болған кезде), өтініштердің шамамен 21,08% –тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына одан әрі жинақтау үшін салымды толықтыру, 15,74% – ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті ішінара өтеу (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде), 15,04% - тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық қарыз бойынша берешекті ішінара өтеу мақсаттарына жұмсалыпты. Қазір азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға берген өтініштерін қабылдайтын уәкілетті оператор-банктер қатарында "Отбасы банк" Тұрғын үй құрылыс

жинақ банкі" АҚ, "Қазақстан Халық банкі" АҚ, "Altyn Bank" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ және "Банк Фридом Финанс Қазақстан" АҚ бар. Атап кетейік, уәкілетті операторлардан 475,2 млрд теңге салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) қайтарылды, себебі отандастарымыз біржолғы зейнетақы төлемдерін өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланбаған.

Емделуге

БЖЗҚ емделуге ақы төлеу үшін жалпы сомасы 344,4 млрд теңге болатын 423 294 өтінішті орындады. Алынған соманың орташа мөлшері 0,8 млн теңге. Өтініштердің 96,25% стоматологиялық қызмет алу үшін, 2,67% офтальмологиялық қызметтерді алу бойынша орындалды. Қалған медициналық бағыттарға зейнетақы жинақтарының шамамен 1% пайдаланылды. Салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на 33,7 млрд теңге қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған.

Зейнетақы жинақтарын емделуге пайдалану бойынша өзекті статистикамен www.enprf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" - "Емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері" бөлімінде танысуға болады.

Жеке инвестициялық басқаруға Инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) ағымдағы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 18.02.2021 ж. бастап 8,9 млрд теңге аударылды. БЖЗҚ 5 991 өтінішті орындады. Аударымның орташа сомасы шамамен 1,5 млн теңге. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша толық статистика enprf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" - "Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру" бөлімінде қолжетімді.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ бес ИПБ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартқа отырған.

Сіз олар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларацияларын enprf.kz сайтындағы "Қызметтер" – "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі" бөлімінде біле аласыз. Атап кетейік, 8,9 млрд теңгенің 44,22% немесе 3,95 млрд теңгесі "Jusan Invest" АҚ-ға, 28% немесе 2,5 млрд теңгесі "Halyk Global Markets" АҚ-ға, 16,16% немесе 1,44 млрд теңгесі "BCC Invest" АҚ-ға, 10,02% немесе 895 млн теңгесі "Сентрас Секьюритиз" АҚ-ға, 1,6% немесе 143 млн теңгесі "Halyk Finance" АҚ-ға аударылған.

Келесі жылдан бастап бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) алынып тасталады деген сыбысты есті сала, анығын білу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына хабарласып, «МӘМС-ке жарнаны қалай төлейміз?» деп сұрайтын азаматтар жетерлік. Шынымен де 2024 жылы бұл төлем түрі болмай ма? Болмаса, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар МӘМС төлемдерін қалай төлейді? Бұл медициналық сақтандыру қорының шешімі ме? Осы және өзге де сауалдардың жауабын «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалының директоры Алтай Оразбағамбетовтан сұрап білдік.

БЖТ қашан және қандай мақсатпен өнгізілді?

Алтай Оразбағамбетовтың айтуынша, бірыңғай жиынтық төлемін алып тастау Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шешімі емес. БЖТ жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген өзін өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін 5 жылға (2019 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін) уақытша енгізілген еді әрі оны тек басқа жеке тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін сататын және

қызметтер көрсететін жылдық табысы 1175 айлық есептік көрсеткіштен аспаса төлей алады. Басқа жағдайда бұл төлемді пайдалануға болмайды. Алайда бұл норманы жұмыссыз әрі тұрақты жұмысы жоқ азаматтар, бала күтімі бойынша бір жарым жасқа дейінгі әлеуметтік төлемдерді алу үшін жүкті әйелдер пайдаланып келеді. •Бірыңғай жиынтық төлем республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары үшін бір айлық есептік көрсеткіш көлемін және басқа елдік мекендердің азаматтары үшін 0,5 АЕК құрайды. Яғни, биыл БЖТ мөлшері тиісінше 3 450 теңге және 1725 теңге. Бірыңғай жиынтық төлем төлеуші ретінде тіркелудің артықшылығы өзін өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмайды. Алайда өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам бірыңғай жиынтық төлемнің бір айын уақытылы төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Сондықтан ай сайын төлем уақытын өткізіп алмау маңызды немесе алдағы кезеңдерге алдын ала төлем жасау керек. «Бірыңғай жиынтық төлемнің

негізгі және жалғыз мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелеріне тарту. Сондықтан бұл төлемдері төмен жеңілдік кезеңі болды. Қазір жеке тұлғалардың табысын декларациялау кезең-кезеңімен енгізілу үстінде.

Бұрын кәсібін тіркемеген азаматтар кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе жалдамалы қызметкер болып жұмыс істеуі керек», – деді Дамир Көбжасаров.

Келесі жылы БЖТ болмаса, басқа төлем түрі өнгізіле ме?

БЖТ төлеген азаматтар әрі қарай дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады (2023 жылы – 3500 теңге).

Осы жерде ескеретін жайт, азаматтардың сақтандырылған мәртебесі болуы үшін, МӘМС туралы заңға сәйкес, 12 айға төлемі болуға тиіс.

Егер БЖТ төлеушілердің өткен 1 жылға төлемі болса, 2024 жылдан бастап әр ай сайын дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады.

Ал толық 12 айға төлем жасалмаса, мысалы ағымдағы жылы

7 айға төлемі болса, азаматтар төленбеген 5 айға дербес төлеуші ретінде әр айға 3500 теңгеден төлеп шыға алады. Келесі жылдан бастап ай сайын жарна төлей береді. Ал ағымдағы жылы 3-4 айға БЖТ төлеген адамдарға алдағы 12 айға төлем жасап, 1 жылға алдын ала сақтандырылған мәртебесін алған тиімді.

Алтай Оразбағамбетовтың айтуынша, тұрақты табысы жоқ ауыл тұрғындарының (90 мыңға жуық адам) МӘМС жүйесінен тыс қалу қаупі бар. Қазір осыған байланысты ауылдық аймақтарда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Әзірше, азаматтар алдағы жарты жылда БЖТ-ны төлей береді. 2024 жылы сақтандырылған мәртебесін жоғалтпау үшін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе дербес төлеуші ретінде жарна төлейді.

Төлем Қазақстанның кез келген банкінде, банктердің мобильді қосымшалары арқылы және «Қазпошта» бөлімшелерінде қабылданады. Төлем жасау кезінде ақша аударылатын тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірін, төлем жасалатын айды көрсету керек.

АО «ЕНПФ» ИСПОЛНИЛ ОКОЛО 1, 8 МИЛЛИОНА ЗАЯВЛЕНИЙ НА ЖИЛЬЕ И ЛЕЧЕНИЕ

Около 1,8 млн заявлений, поступивших почти от 1 млн вкладчиков, на сумму порядка 3,6 трлн тенге, исполнено АО «ЕНПФ» (далее – ЕНПФ) в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения. Как известно, пенсионные накопления могут быть использованы вкладчиками (получателями) неограниченное количество раз для изъятия на жилье и (или) лечение в пределах доступной суммы пенсионных накоплений, а также для передачи в управление управляющим инвестиционным портфелем (далее – УИП).

На жилье

В период с января 2021 года по состоянию на 1 июля 2023 года ЕНПФ исполнены 1 371 907 заявлений вкладчиков (получателей) на единовременные пенсионные выплаты для улучшения жилищных условий. На специальные счета казахстанцев, открытые в банках-уполномоченных операторах, ЕНПФ перевел более 3,2 трлн тенге. При этом средняя сумма единовременных пенсионных выплат составила порядка 2,35 млн тенге.

Наиболее активное участие в данном направлении приняли жители Алматы (17,79%), Астаны (12,54%), Мангистауской области (9,47%), Карагандинской области (7,86%). На сайте www.enprf.kz в разделе «Показатели» размещена подробная информация: на какие цели казахстанцы подают заявления на единовременные пенсионные выплаты и в разрезе регионов (подразделы «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий по целям» и «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий», соответственно).

При анализе целей, на которые используются пенсионные накопления, сделаны следующие выводы. Порядка 35,63% от всех заявлений - это приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) и строительство индивидуального жилого дома (при наличии в собственности земельного участка), 21,08% заявлений - в целях пополнения вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления, 15,74% - в целях частичного погашения задолженности по ипотечному жилищному займу (в том числе в рамках финансирования исламским банком), 15,04% - в целях частичного погашения задолженности по ипотечному займу по системе жилищных строительных сбережений. На сегодняшний день банками-уполномоченными операторами, принимающими заявления граждан

на использование части пенсионных накоплений, являются АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк», АО «Народный банк Казахстана», АО «Altyn Bank», АО «Банк ЦентрКредит» и АО «Банк Фридом Финанс Казахстан».

Отметим, что 475,2 млрд тенге возвращено уполномоченными операторами на индивидуальные пенсионные счета (далее - ИПС) вкладчиков (получателей) в связи с тем, что единовременные пенсионные выплаты казахстанцами не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам.

На лечение

Также ЕНПФ исполнено 423 294 заявления для оплаты лечения на сумму 344,4 млрд тенге. Средняя сумма изъятия составляет порядка 0,8 млн тенге. 96,25% заявлений связано с получением стоматологических услуг, 2,67% заявлений – офтальмологических услуг, на другие медицинские услуги использовано около 1% пенсионных сбережений.

При этом на ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ вернулось 33,7 млрд тенге, данные средства не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам. Ознакомьтесь с актуальной статистикой по использованию пенсионных накоплений на лечение можно на сайте www.enprf.kz в разделе «Показатели» - «Единовременные пенсионные выплаты на лечение».

В частное инвестиционное управление

В УИП по состоянию на 1 июля текущего года с 18.02.2021 г. переведено 8,9 млрд тенге, ЕНПФ исполнено 5 991 заявление. Средняя сумма перевода составляет порядка 1,5 млн тенге. Подробная статистика по передаче пенсионных накоплений в доверительное управление также доступна на сайте enprf.kz в разделе «Показатели» - «Передача пенсионных накоплений управляющим компаниям».

На данный момент ЕНПФ заключены договоры о доверительном управлении пенсионными активами с пятью УИП. Ознакомьтесь с информацией о них и изучите их инвестиционные декларации можно на сайте enprf.kz в разделе «Услуги» - «Реестр управляющих инвестиционным портфелем».

Finance».

Вкладчики имеют право представлять в ЕНПФ заявление об изменении УИП - для перевода своих пенсионных накоплений от одного УИП к другому УИП (не ранее чем через один год с даты первоначальной передачи пенсионных накоплений в доверительное управление УИП). За период с марта 2022 года по июнь 2023 года изменили свое решение о выборе УИП 91 заявитель: ЕНПФ исполнил 126 заявлений на перевод из одного УИП в другой УИП на общую сумму 344 млн тенге. Вкладчики также имеют право вернуть свои накопления под управление НБРК после первоначальной передачи пенсионных накоплений в управление УИП. Таким правом воспользовались 211 человек.

Со стороны ЕНПФ с 15 марта по 30 июня 2023 года исполнено 361 заявление по переводу средств в НБРК из УИП на общую сумму 1,4 млрд тенге.

Напомним, что с 01.07.2023 года сократился срок возврата пенсионных накоплений из управления УИП в управление НБРК. Теперь заявление на возврат накоплений от УИП в НБРК можно предоставить в ЕНПФ не через два года, а через один год с даты передачи накоплений в УИП. В случае, если пенсионные накопления переводились несколько раз в управление одному и тому же УИП, то возврат накоплений в управление НБРК можно осуществить через один год с даты первоначальной передачи накоплений в УИП.

Отметим, что после получения пенсионных активов УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилах осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП. В период нахождения пенсионных накоплений под управлением НБРК до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует государственная гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений под управление УИП гарантии государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности активов, который рассчитывается исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление всем УИП, действующим на рынке управления пенсионными активами.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ОТБАСЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР АЯСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕР БОЙЫНША ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР



Биылғы жылдың 20 сәуірінде мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №227-VII ҚРЗ Заңына қол қойды және осы Заң 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Атап айтқанда, жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейтілді. Егер, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (әрі қарай ӘҚБтК) 73-бабының 1-бөлігі бойынша, құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеп, қорлап тиісіп, кемсітіп, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіріп және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер үшін бұрын ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғатын болса, қазірде қамақ жазасы нақты бес тәулік болып белгіленді.

Аталған баптың 2-бөлігі бойынша осы әрекеттерді, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған жағдайда, бұрын оң тәулікке дейінгі жаза

қолданылатын болса, қазір нақты он тәулік деп өзгертілді.

Сондай-ақ, ӘҚБтК-нің 73-1 бабының 1-1 бөлігі бойынша, яғни құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамның денсаулығының қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтірген әрекеттер үшін ескерту жасауға немесе он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алу көзделеді. Бұрын қамақ жазасы он бес тәулікке дейінгі мерзім деп белгіленген болатын.

Аталған баптың 2-бөлігі бойынша осы әрекеттерді, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған жағдайда, бұрын жиырма тәулікке дейінгі жаза қолданылатын болса, қазір нақты жиырма бес тәулік деп ауыстырылды.

Сол сияқты, ӘҚБтК-нің 73-2 бабының 1-1 бөлігі бойынша, яғни құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты төн ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттер жасағаны үшін, бұрын он тәулікке дейінгі мерзімге қамақ жазасы белгіленген болса, қазір ол жаза нақты он

тәулік деп ауыстырылды.

Аталған баптың 2-бөлігі бойынша осы әрекеттерді, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған жағдайда, бұрын он бес тәулікке дейінгі жаза қолданылатын болса, қазір нақты жиырма тәулік деп өзгертілді.

Сонымен қатар, ӘҚБтК-нің 73-бабы бойынша көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бұрын жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалатын болса, соңғы өзгерістерге сәйкес бұндай жәйт анықталған жағдайда, жәбірленушінің арызы болмаған кезде де әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалады.

Егер осы Кодекстің 73, 73-1 (1-1-бөлігінде), 73-2 (1-1-бөлігінде) және 73-3-баптарда көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласа және келтірген зиянын жауап-шайса, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Алайда, осы бөліктің ережелері осы Кодекстің 73-бабы, 73-1-бабының 1-1-бөлігі және 73-2-бабының 1-1-бөлігі бойынша тараптардың татуласуына байланысты бір жыл ішінде әкімшілік жауаптылықтан босатылған адамдарға қолданылмайды.

Заңдарға еңгізіліп жатқан өзгерістер көп, алайда бұл жерде тек отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы жасалған әрекеттер үшін көзделген жазалардағы өзгерістер туралы көрсетілді.

Отбасы - қоғамның бастапқы ұясы болғандықтан, ол әлеуметтік дамуда маңызды рөл атқаратын құрылымдардың бірі. «Отан отбасынан басталады» - деген даналықты айтқан халқымыз үшін отбасының қоғам өмірінде алар орны ерекше, сондықтан отбасын және отбасылық қарым-қатынастарды бағалай білейік!

Сауле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының
төрағасы

ЕАЭО-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІ ТҰРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ КІМ БЕРЕДІ?



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 мамырдағы №163, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы №304 бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасында 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органмен Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының өзара іс - қимыл реттемесіне - (бұдан әрі – Реттеме) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Реттеме Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2021 ж. № 62, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 28.04.2021 ж. №249 бұйрығымен бекітіліп, 26.05.2023 ж. күшіне енген.

Реттемеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес:

1) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбек өтілін растау жөніндегі Қазақстан Республикасындағы құзыретті органдар – «БЖЗҚ» АҚ, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитеті және олардың аумақтық бөлімшелері;

2) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің құзыретті органынан Қазақстан Республикасының аумағында еңбек өтілі туралы "Сұраныс" деректемесі төмендегі кезеңде түскен кезде:

- 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының құзыретті органы сұраныс жолдап отырған мүше мемлекеттің құзыретті органына ақпараттық жүйедегі міндетті зейнетақы жарналарын төлеу туралы деректер негізінде "Жұмыс өтілі туралы"

деректемені қоса тіркей отырып, жауап жібереді;

- 1992 жылғы 13 наурыздан бастап 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының құзыретті органы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдерде жұмыс берушіден (оның құқықтық мирасқорынан) немесе мұрағат мекемелерінен қажетті мәліметтерді, құжаттарды талап ету жөнінде іс-шаралар жүргізеді. Оларды алғаннан кейін "Жұмыс өтілі туралы" деректемені толтыру арқылы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді. Естеріңізге сала кетейік, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Келісім (бұдан әрі – Келісім) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді және еңбекшілер мен оның отбасы мүшелеріне қатысты қолданылады.

Келісім ережелеріне сәйкес:

- еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру шарттары мен тәртібі сияқты жағдайда зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылады (3-бап);
- Қазақстан Республикасында зейнетақы жарналарына БЖЗҚ-ға аударылған зейнетақы жарналары жатады (1-бап);
- еңбекшілерге (отбасы мүшелеріне) зейнетақы тағайындау және төлеу құқығын іске асыру жұмысқа орналастырған мемлекеттің азаматтары үшін қолданылатын шарттарда жүзеге асырылады (3-бап);
- Келісім шеңберінде тағайындалатын зейнетақы түрлері Еңбекшінің 2-бабында айқындалған.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

АҚТӨБЕДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ТӨРКІЛЕНГЕН ҚАРЖЫҒА САЛЫНҒАН АЛАҢ АШЫЛДЫ

АҚТӨБЕДЕ ҮЛКЕН WORKOUT АЛАҢЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. ОЛ ЕЛІМІЗДЕ АЛҒАШ РЕТ ЖЕМҚОРЛАРДАН ТӨРКІЛЕНГЕН ҚАРЖЫҒА САЛЫНҒАН.САЛТАНАТТЫ ШАРАҒА ОБЛЫС ӘКІМІ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ЕСҚАЛИ САЛАМАТОВ, ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.

«Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, біз былтыр Мұғалжар ауданы Құмжарған ауылындағы мектеп құрылысын аяқтауға және Ақтөбеде Workout алаңын салуға алынған қаражаттың бір бөлігін пайдалануға шешім қабылдадық. Биылғы жылдың басында мектеп пайдалануға берілді, бүгін біз мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделген спорт нысанын ашқалы тұрмыз.

Облыс тұрғындарының шамамен 40 пайызы бұқаралық спортпен айналысады.

Біз халықты салауатты өмір салтына баулу үшін одан әрі жұ-

мыс істеуге ниеттіміз, өйткені біздің азаматтарымыз бен олардың денсаулығы – мемлекеттің басты құндылығы», – деп атап өтті облыс әкімі. Өз кезегінде, Есқали Саламатов департамент сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету және Президенттің сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар бойынша өтелген ақшалай қаражатқа нысандар салу туралы тапсырмасын орындау жөніндегі жұмысты белсенді түрде жалғастырылып жатқанына сендірді.

«Бұл тапсырманы Ақтөбе об-

лысы өңірлер арасында алғашқылардың бірі болып орындай бастады», – деді Е. Саламатов. Жаңа алаң Триатлон паркінде орналасқан.

Ресми ашылу салтанатына дейін мұнда Tartyl Fest турникте тартылу бойынша жеріс өтті, оған ақтөбеліктер белсенді қатысқан. Үш жас санаты бойынша жеңімпаз атанғандар – 18 жасқа дейін, 18 жастан 39 жасқа дейін және 40 жастан асқан – облыс әкімінің қолынан марапаттарға ие болды.

Сондай-ақ, көше гимнастикасынан кәсіби спорт шеберлері өнер көрсетті.

А.МӘЛІКҚЫЗЫ.

ЕСТЕК КЕТЕ РУЫНЫН ШЕЖІРЕСІН ТАРКАТТЫ



Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі ғылым комитетінің «Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан келген этнология докторы Азамат Рысқалидінді қабылдады.

Ойыл ауданының тарихын таны-

стыра отыра, XVIII ғасырда Естек Кете руларының келуі, қоныс тепкен жерлері, көне қорымдары туралы жан-жақты мәліметтер берілді.

Сондай-ақ аудандық орталықтан берілген кітапханалар жүйесі орталығында Естек Кете руларының ұрпақтарымен кездесу өтті. Ойыл өңірінде тұрып жатқан естек руынан тараған азаматтар, өз ата бабаларының көне

шежіресін тарқатты.

Естек Кете руларының қоныстанған және көне қорымдарын іздестіру бағытында бірқатар жұмыс жүргізілді. Ақшатау ауылының солтүстік батысында 30 шақырым жерде орналасқан «Өбіш» қорымы және Ұзынтамдағы Меңдібай Күмісбайұлының қорымы. Асан қорымына барып Естек Кете екені шежіреге сәйкес анықталды.

КАЗАНЫ КАЛАҒЫ ЕСТІРТЕМІЗ?

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол...» деп Абай атамыз айтқандай, адам өмірінде болмай қоймайтын табиғи құбылыстың бірі – адам баласының бұл өмірдегі көретін жарығы, тататын дәм-тұзы таусылып, Жаратқанның бұйрығымен мәңгілік сапарға аттануы. Иә, ол әркімге әрқалай, әртүрлі уақытта келеді.

Біреу дүние есігін ашпай жатып шыры етіп, аз-кем ғана жарық көріп шетінеп те кетеді. Енді бірі оң мен солын танып, жақсы мен жаманды айырып, енді ғана азамат болып, үлкен өмірге қадам бастар сәтте артында ізін жалғастырып тұрақ та қалмай бұл өмірден қырылған кетіп жатады. Енді біреуге Жаратқанның жарыққауымен үбірлі-шүбірлі боп, немере-шөбере сүйіп ұзақ өмір сүру бақыты маңдайға жазылады. Халқымыздың салт-дәстүрлерінің ішінде ежелден қалыптасқан көңіл айту үрдісінің орны ерекше. Жақынынан айрылып, қасірет шегіп, жан-жүрегі езіліп, қаралы боп отырған кісіге орнымен көңіл айтып, қайғысына ортақтаса білу де мәдениеттілікті, сыйлайлықты, сонымен қатар шешендікті де талап етеді. Ал жақыны қайтыс болғанын білдіру үшін естірту айтатын. Өз ортасында белгілі, беделі бар кісілер қайғылы қазаны жанашыр туыстарымен жиналып барып астарлап жеткізген. Қазақ халқының әдет-ғұрпында адам қайтыс болған күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылады. Қазаны естіген жанашыр ағайын-туыстар келіп, көңіл айтып, аза тұтып көрседі. Мұны әдебиет терминінде «элегия» немесе дауыс қыл, жоқтау деп атайды. Жоқтаудың мәнісі марқұм болған кісінің жақсылығын айта отырып, оның өмірінде істеген ізгі істерін, басынан кешірген мүшкіл халдерін баяндайды. Бұл дүниенің уақытша жалғандығын айтып, адамдардың тірі кезінде бір-бірін бағалауға, Алланы үнемі еске алып тәубе етуге, сол айтылған жоқтаудан әрбір адам

ғибратты ой түюге үндеген. Мұндай дауыспен айтылады. Алайда, осы жоқтаудың да жоралғысын дұрыс сақтай бермейміз. Мысалы; «Жасар жасын жасатпай, жаратқан неден асықты ай», «Өлімі құрсын өрт екен, өзекке түскен дерт екен.

Елу бес жасқа келгенде аламын деген серт екен» т.б. секілді. Тіпті кейбір жандар сабырсыздық танытып, басу айтқан басалқы сөзді тыңдамай шектен тыс бақырып-шақырып бейәдеп өрескел қылқы танытып жатады. Кейде баспасөз беттерінде де жарияланған қазанамада: «Мейірімсіз, қатыгез сұм ажал арамыздан мезгілсіз алып кетті...» дегендей сөздер жазылып жатады. Мұның бәрі де Жаратқанның жазған тағдырына нала болу, Аллаға разы болмай наразылық таныту ниетінен туындайтын әрекеттер. «Жоқтауды мүлдем айтуға болмайды, жылау дұрыс емес» дейуден алаулақпыз, ерине.

Әр нәрсенің өз шеңбері, шегі болады. Қай кезде болса да әдептен озбаған абзал болар еді. Ал енді тарихқа зер салсақ, қазақта жоқтау жазбаған ақын кемде-кем шығар. Алайда олар шарығаттан аспай, әдепті сақтай отыра естіген жандар ғибрат алатындай жоқтау жырын жазған. Жоқтау тек іштегі қайғы мен шерді сыртқа шығару үшін ғана емес, тірілерге салмақты ой салып, өнегелі өмір сүруге жетелеу үшін де жазылған. Қазақтың біртуар батыр ұлы Бауыржан Момышұлы да өзінің келіні Зейнептен өлген кезінде жоқтау айтуын талап еткеннен біраз нәрсені аңғаруға болар еді. Сондықтан жоқтаудың тәрбиелік мәні де зор. Сол себепті бүгінгі күнгі жоқтаудың сөзіне ерекше мән берілуі керек сияқты. Үлкен кісілерден «Өлімді, яғни қаралы хабарды әйел адам естіртпейді, өлім белең алып кетеді» деп жатқанын еститіміз. Ал қазір әлеуметтік желіде «Әкем қайтыс болды, шешем қайтыс болды» - деп, жерден жеті қоян таққан-

дай дүйім елге жариялап жатады. Және сол посттың астына өзі пікір жазып, лайк басып отырады. Сонда әкесі, не анасы марқұм боп жатқанда қалай ғана уялы телефонға телміріп отырады екен. Бұны біз шын қайғы-рандық деп айта алмаймыз. Бұл тіпті әдепсіздік десе де болады. Кейін қырық күндігінде немесе жылында, қайтқан күнінде еске алып, естелік жазса бір жөн. Осы жағына да мән бергеніміз жөн-ау. Қазіргі уақытта ақпарат құралдарында, ғаламтор беттерінде еліміздің кейбір өңірлерінде «ақылы жоқтаушылардың» шыға бастағанын жазып дабыл қағуда. Бұл дегеніміз бар ұятты ысырып қойып, беттің арын белге түйіп, сәндік үшін қайтыс болған кісіге түк қатысы жоқ адамды ақшаға жалдап әкеп, отырғызып қойып, қойылым қойған көрініс секілді ыңғайсыз жағдай тудыратыны анық. Шын көңілден қайғырмаған соң ондай жасанды сценарий кімге және не үшін керек? Келешек ұрпағымыз азбасын десек, дереу бұндай келеңсіз құбылыстан арылуымыз керек.

Жасыратыны жоқ, кейде қазалы үйге көңіл айтып барғанда қазаға емес, бейне бір тойға барғандай әсер алатынымыз бар. Қайғының қара бұлттын жамылып, жылап-сықтап жатқанда дастарханды құда күткендей жайнатай қойып (мұрде оң жақта жатқанда) табақтар тартылып, бір-біріне асатып, улап-шулап, сендей соғылысып, одан қалды сандық ашып жыртысқа таласып, бір жапырақ шүберек үшін қырғиқабақ боп жатады. Сонда деиміз-ау, бұл кімге күлкі, кімге түрпі? Біз мұндай әдеттермен келешек ұрпаққа қандай өнеге қалдыра аламыз? Жалпы үлкен болсын, кіші болсын қай жерде болмасын әдептілікті, қанағатшылдықты, мәдениеттілікті сақтай білсек жарасымды болар еді...

Арыстанбек БАЙҚАБЫЛОВ,
теолог,
«Адырна» ұлттық порталы.